

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және Кеден одағының техникалық регламенттеріне өзгерістер енгізу жоспарының II бөліміне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 56 шешімі.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 маусымдағы № 48 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Техникалық регламенттерін әзірлеу, қабылдау, өзгеріс енгізу және күшін жою тәртібінің 3-тармағына, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде техникалық реттеу туралы хаттаманың 3-тармағына (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 31-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 1 қазандағы № 79 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және Кеден одағының техникалық регламенттеріне өзгеріс енгізу жөніндегі жоспардың II бөлімі мынадай мазмұндағы 39-позициямен толықтырылсын:

"39. Қаптаманың қауіпсіздігі туралы (КО ТР 005/2011) (техникалық регламентті қолдану практикасының нәтижелері бойынша оның жекелеген талаптарын нақтылау бөлігінде № 4 өзгеріс)	Беларусь Республикасы	мүше мемлекеттер	20121 жылғы ІҮ тоқсан	36"
---	-----------------------	------------------	-----------------------	-----

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Ә. Смайылов	Ж. Разаков	А. Силуанов

